

Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1216 Жарлығы

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес және өзінің тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген оралмандар отбасыларының қоныс аударуы мен жайластырылуын ұйымдастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы 10000 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

1) көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде көшіріп алуды жүзеге асырсын;

2) бір ай мерзімде аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып, оралмандарды орналастыру схемасын әзірлесін;

3) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2003 жылғы 31 қазандағы

N 1216 Жарлығына

қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2004.12.01. N 1476 Жарлығымен.

Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы (отбасы)

Облыстар мен	Иран	Ауған.	Қытай	Мон.	Түрік	Ресей	Түрік
қалалардың	Ислам	стан,	Халық	ғолия	Респуб.	Федера.	менстан
атауы	Респуб.	Пәкістан	Респуб.		ликасы	циясы	
	ликасы		ликасы				

Ақмола			65	100		80	3
Ақтөбе						25	65
Алматы			340	70	30	3	5
Атырау						20	20
Шығыс							
Қазақстан			235	80		15	2
Жамбыл			5			10	30
Батыс							
Қазақстан						220	3
Қарағанды				50	90		5
Қызылорда							
Қостанай					90		240
Маңғыстау	25		1			5	609
Павлодар					100		220
Солтүстік							
Қазақстан					80		150
Оңтүстік							
Қазақстан		70			10		20
Астана қаласы			10	5		10	5
Алматы қаласы			10	5	10	5	5
Жиыны	25	70	716	620	50	1008	767

кестенің

жалғасы

Облыстар мен қалалардың атауы	Өзбек. стан	Қырғыз	ТМД-ның басқа республикасы	Барлығы елдері
Ақмола	576	4	2	830
Ақтөбе	610			700
Алматы	235	2		685
Атырау	340			380
Шығыс				
Қазақстан	130	5	3	470
Жамбыл	520	40	5	610
Батыс				
Қазақстан	300	5		528
Қарағанды	557	5		707

Қызылорда	4 0 0			4 0 0
Қостанай	4 1 7		1 0	7 5 7
Маңғыстау	4 1 0			1 0 5 0
Павлодар	4 0 0			7 2 0
С о л т ү с т і к				
Қазақстан	5 1 7	3		7 5 0
О ң т ү с т і к				
Қазақстан	1 1 7 8		1 0	1 2 8 8
Астана қаласы	2 3	5	2	6 0
Алматы қаласы	2 5	5	2	6 5
Жиыны	6 6 3 8	7 4	3 2	1 0 0 0 0
